

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы	044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы	22беттің 16еті

Силлабус

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы «ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы 8D10141 - «Медицина» білім беру бағдарламасы

1	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: D-ZhОО ВВТ	1.6	Оқу жылы: 2024-2025
1.2	Пәннің атауы: «ЖОО-да білім беру технологиялары»	1.7	Курс: 1
1.3	Реквизитке дейінгі: жоқ	1.8	Семестр: 1
1.4	Реквизиттен кейінгі: Педагогикалық іс-тәжірибе	1.9	Кредит саны (ECTS): 4
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ТК
2	Пәннің мазмұны		
	Білім беру жүйесінің нормативтік құқықтық актілері. Білім беру технологияларының түсінігі мен мәні. Білім беру технологияларының классификациясы. Оқыту технологияларының түрлері мен формалары. Жоғары оқу орындарында білім беруді ұйымдастыру әдістері мен принциптері. Жоғары оқу орындарындағы оқытудың инновациялық әдістері. Қашықтықтан оқыту технологиялары мен міндеттері. Педагогикалық таксономиялар. Медицина кадрларын даярлаудағы білім беру технологияларының ерекшеліктері.		
3	Жиынтық бағалау нысаны		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша+	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаты		
	Докторанттарға жоо-ғы білім беру технологияларымен таныстыру және оны оқыту үдерісінде қолдану құзіреттілігін меңгерту. Докторанттардың бойында педагогика бойынша жалпы теориялық және тәжірибелік білімдерін, шеберлік пен дағдыларын, жалпы медициналық пәндерді оқыту кезінде алынған білімдермен педагогикалық білімді байланыстыра білу, жаңаша педагогикалық ойлауын, педагогикалық қызмет құзіреттіліктерін қалыптастыру.		

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 26еті

5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)	
1ОН	Жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен негізінің жалпы принциптері және оның қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетекші рөлінің маңызы туралы білімін көрсетеді.	
2ОН	Білім беру технологиялары туралы педагогикалық тұжырымдарды сыни талдайды және денсаулық сақтау саласында жаңа технологиялардың пайда болуына әкелетін жаңа идеяларды ұсынады.	
3ОН	Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологияларын меңгереді.	
4ОН	Оқыту нәтижелерін критериалды бағалауда педагогикалық таксономияларын тиімді қолдануға қабілетті, өзін-өзі талдау дағдыларын меңгереді, өмір бойы оқуға ұмтылады және жоғары оқу орындарында оқыту үдерісін жүзеге асыруға күзіретті.	
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелері мен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері
	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	4ОН Өзін-өзі талдау дағдыларын, өмір бойы оқуға ұмтылысын сонымен қатар жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейінде оқыту тәжірибесін көрсетеді.
	3ОН 4ОН	ОН7 Көптеген өзара байланысты факторлармен байланысты проблемаларды шешуді талап ететін жаңа контекстердегі Еңбек және оқу қызметіндегі көшбасшылық қасиеттерді, инновациялықты және дербестікті көрсетеді.
	3ОН 4ОН	ОН8 Өз саласындағы құзырет тақырыбы бойынша мәртебесі бойынша тең, кең ғылыми қоғамдастықпен және қоғаммен қарым-қатынас жасай алады.

6.	Пән туралы толық ақпарат					
6.1	Оңтүстік Қазақстан медициналық академия, «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы. Тоқаев көшесі-27, 4 қабат, аудитория -11. Телефон (АТС): 40-82-22 (226), Kazakhstan@mail.ru Оқыту және/немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, "ОҚМА" АҚ сайтындағы CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар арқылы және/немесе электрондық пошта арқылы хабарлауға болады.					
6.2	Сағаттарының саны	Дәріс	Тәжі р. сабақ	Зерт.сабақ	ДӨЖ	ОДӨЖ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 3беті

		-	40	-	68	12
7.	Оқытушылар туралы мәліметтер:					
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі			
1	Нуржанбаева Жанат Оралбайқызы	PhD докторы, кафедра меңгерушісі	nurzhanbayevaz189@mail.ru			

8. Тақырыптық жоспар						
Ап та/ кү н	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пән ніңО Н	Са ғат сан ы	Оқыту технологияс ының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. «ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінің мақсаты мен міндеттері	«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінің мақсаты мен міндеттері, медициналық білім берудегі педагогтың ролі мен қызметінің маңыздылығы. Кәсіптік білім берудегі инновациялық технологиялардың маңызы мен мәні. Білім беру технологияларының қалыптасуы мен оның дамуы	1ОН 2ОН 3ОН	4	Жағдаятты тапсырмаларды шешу	Тапсырмаларды талдау
	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес беру мерзімі. ДӨЖ тапсырмасы. Білім беру технологияларының дамуы және қалыптасуы	Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгертудегі клиникалық пәндердің орны мен ролі. Білім беру технологияларының мазмұны мен оны оқыту үдерісінде қолдану ерекшеліктері	1ОН 2ОН 3ОН	1/5	Тапсырмаларды талдау	Эссе

2	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Кәсіптік білім берудегі білім беру технологиясының мәні мен интеграциялануы	«Кәсіптік білім беру», «Инновация» және «Білім беру технологиясы», «Оқыту технологиясы» ұғымы. «Технология», «Педагогикалық технологияның» жаңа тұжырымдары. Мақсаттарды қою әдістері. Оқыту мақсаттарын жіктеу. Педагогикалық технологиялардың жіктелуі	1ОН 2ОН 3ОН	4	Жағдаяттық тапсырмаларды шешу	Тапсырмаларды талдау
	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес беру мерзімі. ДӨЖ тапсырмасы. Педагогикалық технологиялардың терминологиялық аппараты	Білім беру технологияларының негізгі мақсаттары, негізгі элементтері, технологиялардың құрылымы.	2ОН 3ОН	1/5	Контент талдау	Тапсырмаларды талдау
3	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Жоғары оқу орындарындағы оқытудың инновациялық әдістері.	Оқытуды дербестеу және саралау технологиялары. Оқытуды жекелендіру және саралау концепциясы. Нәтижеге бағытталған оқыту технологиясы. Студентке бағытталған оқыту технологиясы. Оқытудың үшөлшемді педагогикалық технологиясының мәні мен әдістемелік аспектілері.Педагогикалық таксономиялар. Блум таксономиясы. Дублин дескрипторы.	1ОН 2ОН 3ОН	4	Жағдаяттық тапсырмаларды шешу	Тапсырмаларды талдау
	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес беру мерзімі. ДӨЖ	Оқыту бағдарламаларының сызықтық, тармақты адаптивті, құрама блоктық, модельді болып бөлінуі.	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	1/6	Контент-талдау	Тапсырмаларды талдау

	тапсырмасы. Педагогикалық технологиялардың негізгі алгоритмдері					
4	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Жеке тұлғаға бейімделген оқыту технологиясы. Сын тұрғысынан ойлауды оқыту технологиясы.	Жеке тұлғаға - бейімделген оқыту (білім беру) концепциясы. Жекеше әдіс. Жеке тұлғаға - бейімделген оқыту модельдері. Жеке тұлғалық қасиеттер. Жеке тұлғаға бейімделген оқыту талаптары. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Бейімдеп оқыту технологиясы.	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	4	Дөңгелек үстел	Тапсырманы талдау
	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес беру мерзімі. ДӨЖ тапсырмасы. 1. Педагогикалық технологиялардың пәнаралық байланыстылығы. 2 Білім беру технологияларын тиімді қолдануындағы оқытушының кәсіби күзiреттiлiгi	1. Білім беру технологияларының пәнаралық өзара байланысын айқындау. 2. ЖОО-ғы оқыту үдерісіндегі оқытушы тұлғасы, күзiреттiлiгi және мiнез-күлқы.	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	1/6	Ғылыми мақалаларға талдау	Ғылыми мақалаға рецензия жазу
5	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. 1. Оқыту процесінде ынтымақтастық технологиясын ұйымдастыру ерекшеліктері	Педагогикалық ынтымақтастық идеялары мен қағидалары. Ынтымақтастық педагогикасы идеясын жіктеу. Педагогикалық ынтымақтастық қағидалары: табиғи қабілеттілік, икемділік пен динамизм, қосымшалық белгісіздік, резонанс.	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	4	Жағдаяттық тапсырмаларды шешу	Тапсырмаларды талдау

ОҢТҮСТІК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 6беті

	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес беру мерзімі. ДӨЖ тапсырмасы. Аралық бақылау №1	Тәжірибелік сабақтар және ДӨЖ- ғы 1-5 тақырыптар бойынша тест тапсырмалары немесе жазбаша жұмыс	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	1/6	Бақылау жұмысы	Жазбаша жұмыс
6	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Модульдік оқыту технологиясы	Модульдік оқыту құрылымы, түрлері қағидалары және кезеңдері. Модуль сипаттамасы. Модульдік оқыту мазмұны және педагогикалық бақылау. Модульдік оқытудың тиімділіктері.	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	4	Дөңгелек үстел	Тапсырмаларды талдау
	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес беру мерзімі. ДӨЖ тапсырмасы. Модульдік оқыту технологиясын оқыту үдерісінде қолдану ерекшеліктері	Модульдік оқыту технологиясының мазмұнын, құрылымын анықтау. Модульдік оқыту технологиясының тиімділігін анықтайтын оқыту үлгісін құрастыру. Модульдік оқыту технологиясының білім сапасына әсерін талдау. Модульдік оқыту технологиясы арқылы оқытуды жоспарлаудың маңыздылығын талдау.	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	2/6	Контент талдау	Тапсырмаларды талдау

7	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Оқытудың ақпараттық технологиялары	Жаңа ақпараттық технологиялары. Жаңа ақпараттық технологияларының дамуы. Оқытудың ақпараттық технологиясының сипаттамасы. Білім беру саласын компьютерлендірудің екі жақты сипаттамасы. Оқытудың мультимедия технологиясын қолдану. Компьютерлік технология. Білім беруде жасанды интеллектті пайдалану, білім беру платформаларын тиімді қолдану.	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	4	Жағдаятты тапсырмаларды шешу	Тапсырмаларды талдау
---	--	---	------------------------------------	---	-------------------------------------	-----------------------------

	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес беру мерзімі. ДӨЖ тапсырмасы. Тұлғаға бағдарлы оқыту технологиясы	Тұлғаға бағдарлы оқыту технологиясының мазмұны. Тұлғаға бағдарлы оқыту технологиясының білім алушының жан-жақты, шығармашылықтарын дамытуы. Денсаулықты сақтайтын білім беру технологиясы	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	2/6	Тапсырмаларды талдау	Эссе
8	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Қашықтан білім беру технологиясы	Қашықтан оқыту түсінігі, мақсаттары, міндеттері, қашықтан оқыту негізіндегі компьютерлік технологиялардың дидактикалық қызметі. Қашықтан білім беруге қойылатын талаптары. Оқыту процесінің қашықтықтан оқыту жүйесін пайдалану арқылы құрылу ерекшеліктері.	1ОН 2ОН 3ОН	4	Дөңгелек үстел	Тапсырмаларды талдау
	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес	Қазіргі кезеңдегі қашықтан оқыту мәселелері, кедергілері және	1ОН 2ОН 3ОН	1/6	Салыстырмалы талдау	Тапсырмаларды талдау

	беру мерзімі. ДӨЖ тапсырмасы. Қашықтан оқыту жүйесі мен әдістерін жіктеу және талдау	артықшылықтары.	4ОН			
9	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Дуальді оқыту технологиясы	Дуальді оқыту ұғымы. Дуальді оқытудың даму тарихы. Дуальді оқытудың мақсаты мен міндеттері. Дуальді оқыту үдерісіндегі әлеуметтік серіктестік. Дуальді оқыту үдерісіндегі оқытушының және тәлімгердің клиникадағы іс- әрекетінің мазмұны. Дуальді оқыту жүйесі бойынша медициналық мекемелердегі ментордың педагогикалық қызметінің ерекшеліктері.	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	4	Дебат	Тапсырмалар ды талдау
	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес беру мерзімі. ДӨЖ тапсырмасы. Дуальді оқыту үдерісін басқару және ұйымдастыруда тиімді әдістер	Дуальді оқыту үдерісінде Интербелсенді оқыту технологиясы: «үлкен шеңбер», «аквариум», «миға шабуыл» (мозговой штурм)), «дебаттар». Рөлдік ойындар. «Келіссөздер және медиация». Интербелсенді оқыту технологияларын қолданатын оқыту үдерісінің құрылымы	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	1/5	Контент талдау	Тапсырмалар ды талдау
10	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Мәселелік оқыту технологиясы	Мәселелік оқытудың мақсаттары мен міндеттері. Мәселелік оқытудың педагогикалық тұжырымдары. Негізгі түсініктер, мәселелік жағдаят түрлері. Мәселелік оқытудың негізгі қызметтері мен белгілері. Мәселелік оқытуды ұйымдастыруға қойылатын талаптар. Мәселелік оқыту	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	4	Дебат	тапсырмалард ы талдау

ONȚUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 10беті

		технологиясын клиникалық пәндерді оқыту үдерісінде ұйымдастыру.				
	ОДӨЖ. 1 ДӨЖ орындау бойынша кеңес беру мерзімі. ДӨЖ тапсырмасы. Мәселелік оқытудың негізгі қызметтері мен белгілері. Жобалап оқытуға бағдарланған технологиясы.	Мәселелік оқыту «мәселе», «мәселелік сұрақ», «мәселелік тапсырма», «мәселелік жағдай». Мәселелі оқыту сабағының құрылымы мен мазмұны. Жобалап оқытуға бағдарланған технологиясын қолданып проблемалық тақырыптың мазмұнын ашу.	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	1/5	Контент талдау	Ғылыми мақалаларға талдау
	Аралық бақылау № 2	Тәжірибелік сабақтар және ДӨЖ- ғы 6-10 тақырыптар бойынша тест тапсырмалары немесе жазбаша жұмыс	1ОН 2ОН 3ОН 4ОН	1/5	Бақылау жұмысы	жазбаша жұмыс
Аралық аттестаттауға даярлық және өткізу				12		
9. Оқыту және сабақ беру әдістері						
9.1	Дәріс	Жоспарда қарастырылмаған.				
9.2	Тәжірибелік сабақ	ТВЛ:дебат,дөңгелек үстел, жағдаяттық тапсырмаларды шешу. Ауызша сұрау, тапсырмаларды талдау.				
9.3	ОДӨЖ /ДӨЖ	RBL: эссе, контент-талдау, салыстырмалы кесте, аналитикалық шолу, ғылыми мақалаларды талдау.				
9.4	Аралық бақылау	жазбаша жұмыс				
10. Бағалау критерийлері						
10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері						
ОН №	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы	
1ОН	Жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен негізінің жалпы принциптері және оның қоғамның әлеуметтік-	1. Жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын сипаттайды; 2. Жоғары білім беру жүйесінің	1. Жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын	1. Жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын	1. Жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын бағалайды; 2. Жоғары білім	

	экономикалық дамуындағы жетекші рөлінің маңызы туралы білімін көрсетеді.	қоғамның әлеуметтік экономикалық дамуындағы жетекші ролін сипаттайды.	талдайды; 2. Жоғары білім беру жүйесінің қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуындағы жетекші ролінің маңыздылығын сипаттайды.	жүйелейді; 2. Жоғары білім беру жүйесінің қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуындағы жетекші ролінің маңыздылығын талдайды, саралайды.	беру жүйесінің қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуындағы жетекші ролінің маңыздылығын бағалайды.
2ОН	Білім беру технологиялары туралы педагогикалық тұжырымдарды сыни талдайды және денсаулық сақтау саласында жаңа технологиялардың пайда болуына әкелетін жаңа идеяларды ұсынады.	1. Білім беру технологиялары туралы білмейді; 2. Білім беру технологиялары және денсаулық сақтау саласында жаңа технологиялардың жалпы түсінігін көрсетеді.	1. Білім беру технологиялары туралы педагогикалық тұжырымдарды талдайды 2. Білім беру технологиялары туралы педагогикалық тұжырымдардың мәнін ашады, денсаулық сақтау саласында жаңа технологияларын түсінеді.	1. Білім беру технологиялары туралы педагогикалық тұжырымдарды салыстырады 2. Білім беру технологиялары туралы педагогикалық тұжырымдарды талдайды, денсаулық сақтау саласында жаңа технологиялардың пайда болуына әкелетін жаңа идеяларды талдайды.	1. Білім беру технологиялары туралы педагогикалық тұжырымдарды сыни талдайды және бағалайды 2. Білім беру технологиялары туралы педагогикалық тұжырымдарды интерпретациялайды және бағалайды, денсаулық сақтау саласында жаңа технологиялардың пайда болуына әкелетін жаңа идеяларды ұсынады.
3ОН	Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологиялары	1.Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологияларын білмейді 2. Нәтижеге	1.Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологиялар	1.Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологиялар	1.Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологияларын саралайды және

	н меңгереді.	бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологияларының рөлін түсінбейді	ын сипаттайды 2. Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологиялар ының рөлін түсінеді және жалпы сипаттайды	ын талдайды және салыстырады 2. Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологиялар ын жүйелейді	бағалайды 2. Нәтижеге бағытталған білім беру моделі мен оқыту үдерісін басқарудың жаңа парадигмасы аясында тиімді білім беру технологияларын қолданады.
4ОН	Оқыту нәтижелерін критериялды бағалауда педагогикалық таксономияларын тиімді қолдануға қабілетті, өзін-өзі талдау дағдыларын меңгереді, өмір бойы оқуға ұмтылады және жоғары оқу орындарында оқыту үдерісін жүзеге асыруға күзіретті.	1.Оқыту нәтижелерін критериялды бағалауда педагогикалық таксономиялар туралы білмейді, өзін-өзі талдау дағдыларын меңгермеген, жоғары оқу орындарында оқыту үдерісін жүзеге асыруға күзіреттілігін көрсете алмайды. 2.Оқыту нәтижелерін критериялды бағалауда педагогикалық таксономияларын тиімді қолдану жолдарын түсінбейді	1.Оқыту нәтижелерін критериялды бағалауда педагогикалық таксономиялар ын сипаттайды 2.Оқыту нәтижелерін критериялды бағалауда педагогикалық таксономиялар ын тиімді қолдану тәсілдері туралы жалпы түсінігі бар, өзін-өзі талдау дағдылары қалыптасады, өмір бойы оқуға ұмтылады.	1.Оқыту нәтижелерін критериялды бағалауда педагогикалық таксономиялар ын талдайды 2.Оқыту нәтижелерін критериялды бағалауда педагогикалық таксономиялар ын жіктейді, өзін-өзі талдау дағдыларын меңгереді, өмір бойы оқуға ұмтылады.	1.Оқыту нәтижелерін критериялды бағалауда педагогикалық таксономияларын жіктейді және тиімді қолдануды бағалайды 2.Оқыту нәтижелерін критериялды бағалауда педагогикалық таксономияларын тиімді қолданады, өзін-өзі талдау дағдыларын меңгереді, өмір бойы оқуға ұмтылады және жоғары оқу орындарында оқыту үдерісін жүзеге асыруға күзіретті.
10.2	Оқыту әдістері мен технологияларын бағалау критерийлері				
	Практикалық сабаққа арналған чек парағы				

ONȚÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 13беті

	Бақылау формасы	Бағалау	Бағалау критерилері
1	Дебат	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Тақырыптың ең маңызды аспектілеріне қатысты жеткілікті сенімді, жақсы дәлел; оны теріске шығару үшін кезектен тыс қарсы аргумент бар. Рөлдік құрылымы және орындалуы мінсіз, жеткізуі анық.
		Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%).	Барлық дәлелдер өзекті және негізгі бөлігін жеткізе алды. Кейде логикалық негіздеуде олқылықтар, дәлелдер келтіруде үстірттік (оны қарсыластар алдында осал етеді) және бірнеше жанама, маңызды емес дәлелдер кездеседі. Баяндауы аудиторияның назарын аудартады, құрылымы айқын, тапсырма орындалды.
		Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%) D- (1,0; 50-54)	Дәлелдері өзекті және маңыздылығы негізделген. Логикалық талқылауда олқылықтар бар (негізсіз жорамалдар мен болжамдар), көптеген дәлелдер маңызды емес, дәлелдеулер кейде үстірт. Баяндауы аудиторияның назарын аударады, көп бөлігі айқын, бірақ сенімділігі сирек. Құрылымы бар, бірақ анық көрсетілмеген. Рөлі мен функциялары басым түрде орындалған.
		Қанағаттанарлықсыз FX(0,5;25-49) F (0;0-24)	Баяндауда көп бөлігі өзекті дәлелдер, бірақ маңыздылығы әлсіз негізделген. Мазмұны толығымен релевантты емес, қарама-қайшылықтар басым. Құрылымы жоқ, анық көрсетілмеген. Рөлі мен функциялары әлсіз немесе орындалмаған.
2	Жағдаяттық тапсырмаларды шешу	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	- материалды терең меңгергендігін көрсетеді; - жағдаяттық тапсырмаларды талқылауға және шешуге белсенді қатысады; - жағдаяттық тапсырмаларды шешу бойынша ұсынылған мәселелерді шешудің оңтайлы жолдарын ұсынады; - жағдаяттық тапсырмаларды шешу жолдарын негіздейді; - қойылған сұрақтарға логикалық бірізділікпен жауап беріп, тұжырымдайды.

		Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%).	- материалды меңгергендігін көрсетеді; - жағдаяттық тапсырмаларды талқылауға және шешуге қатысады; - қойылған сұрақтарға сауатты жауап береді; - өз шешімдерін негіздейді; - принципсіз қателіктер жібереді, кейбіреулері оқытушының жетекші сұрақтарымен өз бетінше түзетеді.
		Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%) D- (1,0; 50-54%)	- материалды толық меңгермеген; - жағдаяттық тапсырмаларды шешуде қатысуы төмен; - жағдаяттық тапсырмаларды шешуде оңтайлы шешім жолдарын қарастыруы төмен; - өзінің шешімдерін толық түсіндіре алмайды; - сұрақтарға толық жауап бере алмайды; - ситуациялық мәселелерді шешуде және оларды талқылауда қателіктер жібереді.
		Қанағаттанарлықсыз FX(0,5;25-49) F (0;0-24)	- материалды меңгермеген; - жағдаяттық тапсырмаларды шешуде қатыспайды; - жағдаяттық тапсырмаларды шешуде оңтайлы шешім жолдарын тандай алмайды; - өзінің шешімдерін түсіндіре алмайды; - сұрақтарға толық жауап бере алмайды; - ситуациялық мәселелерді шешуде және оларды талқылай алмайды.
3	Дөңгелек үстел	Өте жақсы A (4,0; 95-100); A- (3,67; 90-94)	- материалды терең меңгергендігін көрсетеді; - мәселелерді шешуге және оларды талқылауға белсенді қатысады; - мәселені шешудің оңтайлы жолын тандайды; - шешімдерін негіздейді; - логикалық тұрғыдан сұрақтарға сауатты жауап береді.
		Жақсы B+ (3,33; 85-89); B (3,0; 80-84); B- (2,67; 75-79) C+ (2,33; 70-74);	- материалды меңгергендігін көрсетеді; - пікірін ортаға сала алады; - өз шешімін негіздейді; - принципсіз қателіктер жібереді, кейбіреулері оқытушының жетекші сұрақтарымен өз бетінше түзетеді.
		Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69); C- (1,67; 60-64); D+ (1,33; 55-59) D- (1,0; 50-54)	- материалды толық меңгермеген; - пікірталасқа қатысуы төмен; - мәселеден оңтайлы шешім жолдарын тандай алмайды; - өзінің шешімдерін түсіндіре алмайды; - сұрақтарға толық жауап бере алмайды; - мәселелерді шешуде және оларды талқылауда қателіктер жібереді.

ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 15беті

		Қанағаттанарлықсыз FX(0.5;25-49) F (0;0-24)	- мәселелерді шешуде және оларды талқылауда түбегейлі өрескел қателіктер жібереді; - өзіндік пікірін ортаға ұсына алмайды; - оқу материалын білмейді; - дөңгелек үстел жұмысына қатыспайды
ДӨЖ-ге арналған чек парағы			
1	Ғылыми мақалаларды талдау	Өте жақсы А (4,0; 95-100); А- (3,67; 90-94)	Ғылыми мақалаларды талдауда кем дегенде 3 ғылыми мақаланы талдап, сараптаған және өз мерзімінде, өз бетінше орындайды . Ғылыми мақала тақырыбына сай схемалар, кестелер мен суреттер көрсетеді. Ғылыми мақаланы қорғауда сараптайды, салыстырады және жүйелейді. Қойылған сұрақтардың барлығына дұрыс және қатесіз жауап береді және өзіндік ұстанымын білдіреді.
		Жақсы В+ (3,33; 85-89); В (3,0; 80-84); В- (2,67; 75-79) С+ (2,33; 70-74);	Ғылыми мақалаларды талдауда кем дегенде 3 ғылыми мақаланы талдап, сараптаған және өз мерзімінде, өз бетінше орындайды . Ғылыми мақаланы қорғауда сараптайды, салыстырады. Ғылыми мақала тақырыбына сай схемалар, кестелер мен суреттер көрсетеді. Қойылған сұрақтарға жауап беруде принципиялды емес қателер жібереді.
		Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69); С- (1,67; 60-64); D+ (1,33; 55-59) D- (1,0; 50-54)	Ғылыми мақалаларды талдауда кем дегенде 3 ғылыми мақаланы талдап, сараптаған және өз мерзімінде, өз бетінше орындайды және қорғау барысында мәтінге тәуелді. Сұрақтарға дұрыс жауап бермеді, принципиялды қателер жібереді.
		Қанағаттанарлықсыз FX(0.5;25-49) F (0;0-24)	Ғылыми мақала кем дегенде 3 әдеби дереккөзін қолданып, өз бетінше жазылған , бірақ тиянақсыз орындалған және өз мерзімінде тапсырылмаған. Сұрақтарға жауап беруде өрескел қателер жібереді, материал меңгерілмеген.
2	Эссе	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%)	Эссе дәл уақытында орындаған, өзі жазған құрылысы толығымен талаптарға сай. Эссе талқыланатын мәселесі толық қамтыған. Докторант мәселені талдап өз ойын дәлелдеп және өз талдауын көрсетті. Қорғау барысында барлық сұрақтарға дұрыс жауап берді.
		Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%); В- (2,67; 75-79%)	Эссе дәл уақытында дайындалған, өзі жазған құрылысы толығымен талаптарға сай. Иллюстрациялар келтірілген. Қорғау

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 16беті

3	Салыстырмалы талдау	C+ (2,33; 70-74%);	барысында барлық сұрақтарға кәсіптіктер жіберді.
		Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%) D- (1,0; 50-54)	Эссе дәл уақытында дайындалған, өзі жазған құрылысы толығымен талаптарға сай. Иллюстрациялар келтірілген. Қорғау барысында берілген сұрақтарға толық емес дайындалған. Өз қорытындысын толық дәлелдемеді.
		Қанағаттанарлықсыз FX(25-49%) F (0-24%)	Эссе дәл уақытында орындалмаған. Мәселені аз қамтыған, талдауы және өз дәлелдеуі жоқ. Сұрақтарға жауап бермеді.
		Өте жақсы A (4,0; 95-100); A- (3,67; 90-94)	Салыстырмалы талдау мазмұны тақырыпқа сәйкес, кестеге барлық қатарлары толтырылған, әр қатардың мазмұны тақырыпқа сай келеді, материал қысқа түрде баяндалады, арнайы терминдерді қолдана отырып; кесте қаламмен ұқыпты толтырылған және түзетілмеген.
4	Контент талдау	Жақсы B+ (3,33; 85-89); B (3,0; 80-84); B- (2,67; 75-79) C+ (2,33; 70-74);	Салыстырмалы талдау мазмұны тақырыпқа сәйкес, кестеге барлық қатарлары толтырылған, әр қатардың мазмұны тақырыпқа сай келеді, материал қысқа баяндалмаған, арнайы терминдер аз қолданылған; кестеде түзетілген жерлер кездеседі.
		Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69); C- (1,67; 60-64); D+ (1,33; 55-59) D- (1,0; 50-54)	Талдау кестесінде барлық қатарлары толтырылмаған, әр қатардың мазмұны тақырыпқа сай келмейді, материал жүйесіз баяндалған, арнайы терминдер жоқ.
		Қанағаттанарлықсыз FX(25-49) F (0;0-24)	Талдау кестесі толтырылмаған, мазмұны тақырыпқа сай келмейді, материал жүйесіз баяндалған, арнайы терминдер жоқ; таблица ұқыпсыз толтырылған
		Өте жақсы A (4,0; 95-100); A- (3,67; 90-94)	Контент-талдау дәл уақытында орындаған, өзі жазған құрылысы толығымен талаптарға сай. Контент-талдау талқыланатын мәселесі толық қамтыған. Докторант мәселені талдап өз ойын дәлелдеп және өз талдауын көрсетті. Қорғау барысында барлық сұрақтарға дұрыс жауап берді.
4	Контент талдау	Жақсы B+ (3,33; 85-89); B (3,0; 80-84); B- (2,67; 75-79) C+ (2,33; 70-74);	Контент-талдау дәл уақытында дайындалған, өзі жазған құрылысы толығымен талаптарға сай. Иллюстрациялар келтірілген. Қорғау барысында барлық сұрақтарға жалпылама жауап берді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 176еті

		Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69); С- (1,67; 60-64); D+ (1,33; 55-59) D- (1,0; 50-54)	Контент-талдау дәл уақытында дайындалған, өзі жазған құрылысы толығымен талаптарға сай. Иллюстрациялар келтірілген. Қорғау барысында берілген сұрақтарға толық емес дайындалған. Өз қорытындысын толық дәлелдемеді.	
		Қанағаттанарлық сыз FX(0.5;25-49) F (0;0-24)	Контент-талдау дәл уақытында орындалмаған. Мәселені аз қамтыған, талдауы және ө дәлелдеуі жоқ. Сұрақтарға жауап бермеді.	
Аралық аттестаттауға чек-парағы				
1	Жазбаша жұмыс	Өте жақсы A (4,0; 95-100); A- (3,67; 90-94)	Егер докторант жауап беру кезінде ешқандай қателіктерді жібермеген жағдайда қойылады. Оқылатын 1-5, 6-10 тақырыптары бойынша теорияларға, тұжырымдамаларға және бағыттарға сүйенеді және оларға сыни бағасын береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.	
		Жақсы B+ (3,33; 85-89); B (3,0; 80-84); B- (2,67; 75-79) C+ (2,33; 70-74);	Егер докторант жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, принципиялды емес немесе докторанттардың өздері түзеген принципиялды қателер жіберсе, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйелей алған жағдайда қойылады.	
		Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69); С- (1,67; 60-64); D+ (1,33; 55-59) D- (1,0; 50-54)	Егер докторант жауап беру кезінде нақты емес және принципиялды қателер жібергенде, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттермен шектелсе, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездескен жағдайда қойылады.	
		Қанағаттанарлық сыз FX(0.5;25-49) F (0;0-24)	Егер докторант жауап беру кезінде принципиялды қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса, пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмаса, өрескел стилистикалық және логикалық қателіктермен жауап берген жағдайда қойылады.	
Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі				
Әріптік жүйемен бағалау		Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A		4,0	95-100	Өте жақсы
A -		3,67	90-94	
B +		3,33	85-89	Жақсы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 18беті

B	3,0	80-84	Қанағаттанарлық
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	Қанағаттанарлықсыз
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	
F	0	0-24	

11. Оқу ресурстары	
Электрондық ресурстар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: дерекқорлар, анимациялар, симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа да электрондық анықтамалық материалдар (мысалы: бейне, аудио, дайджестер)	1. Репозиторий ЮКМА http://lib.ukma.kz/repository/ 2. Республиканская межвузовская электронная библиотека http://rmebrk.kz/ 3. Открытый университет Казахстана https://openu.kz/kz 4. Закон (доступ в справочно -информационном секторе) https://zan.kz/ru 5. Параграф https://online.zakon.kz/Medicine/ 6. Научная электронная библиотека https://elibrary.ru/ 7. Ашық кітапхана https:// kitap.kz/ 8. Thomson Reuters www.webofknowledge.com 9. ScienceDirect http://www.sciencedirect.com/ 10. Scopus https://www.scopus.com/
Электрондық оқулықтар	1. Жаңа педагогикалық технологиялар. Жоламанова Т.М. , 2018 ЦБ Aknurpress / Жоламанова Т.М https://aknurpress.kz/login 2. Information and communication technology: учебное пособие / Б.Б.Сапрыгина, К.Кудабаяев. – Электрон. Текстовые дан. (20.2Мб) Алматы: [s.n.], 2017. -134 әл. Опт.диск (CD-ROM). 3. Білім беру саласындағы педагогикалық зерттеулер жүргізудің әдіснамалық негіздері. Мубараков А.М., Байгожанова Д.С. , 2018 ЦБ Aknurpress / Мубараков А.М https://aknurpress.kz/login 4. Bortko, T.G. Innovative educational technologies : Textbook. . – Kostanay: KSTU Z. Aldamzhar, 2017. – 100 p. – ISBN 9965-827-40-0. РМЭБ/ Bortko, T.G. http://rmebrk.kz/ 5. Application of Modern Informational Technologies in Education of Higher Educational Institutions to Improve the Quality Specialists Training. / К. Akhmalayev, M. Zhuginisov, A. Tolegenova, A., N. Kazyeva // FICEER. FELIC International Conference on Engineering Education and Research. , 2015. – P.85-90.- ISBN 7599-5118. РМЭБ/ К. Akhmalayev http://rmebrk.kz/ 6. Information Technologies in Education□ : Учебно-методическое пособие / А.В. Шпак, Е.В. Шевчук, И.Р. Касимов, Т.В. Амелина. – Петропавловск: ИПО СКГ 2013. – 102 с. http://rmebrk.kz/ 7. Педагогика в медицине: учебное пособие для студентов медицинских вузов /Под ред. Н.В. Кудрявой.– 3-е изд., испр. и доп.– Алматы: Эверо, 2020. ч. I. – 192 с. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/2753/ 8. Медициналық білім берудегі педагогикалық процесс:Монография/ Р.С.Досмагамбетова, Ш.С.Калиева, Г.С.Кемелова,В.Б. Молотов-Лучанский, А.З. Муратова, И.М. Риклефс,В.П. Риклефс.- Алматы: ЖШС «Эверо», 2020.- 312 б https://www.elib.kz/ru/search/read_book/763/

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 196еті

Әдебиет	Негізгі әдебиеттер 1. Жұмабекова, Ф. Н. Педагогикалық мамандыққа кіріспе [Мәтін] : оқулық / Ф. Н. Жұмабекова. - ; Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық ун-тінің ғыл. кеңесі ұсынған. - Алматы : Эверо, 2014. - 274 бет. 2. Мирза, Н. В. Кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас [Мәтін] : оқу құралы / Н. В. Мирза, Р. К. Маженова ; ҚР БҒМ; Акад. Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ. - Алматы : Эверо, 2014. - 160 бет. 3. Шунк, Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі = Learning theories an educational perspective : оқулық / Дейл Х. Шунк ; Қаз. тіл ауд. Б. М. Мизамхан [және т.б.]. - 7-ші бас. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 608 бет. 4. Педагогика в медицине. Ч. 1. [Текст] : учебное пособие / под ред. Н. В. Кудрявой. - 3-е изд., испр. и доп. - Алматы : CyberSmith, 2017. - 192 с 5. Педагогика в медицине. Ч. 2. [Текст] : учебное пособие / под ред. Н. В. Кудрявой. - 3-е изд., испр. и доп. - Алматы : CyberSmith, 2017. - 244 с. 6. Психология и педагогика для студентов медицинских вузов. 1 ч. : учебник / под ред. Н. В. Кудрявой. - Алматы : Эверо, 2017. - 196 с. 7. Психология и педагогика для студентов медицинских вузов. 2 ч.: учебник / под ред. Н. В. Кудрявой. - Алматы : Эверо, 2017. – 192 8. Pedagogy [Текст] : textbook / К. К. Zhampeisova [and etc.]. - Almaty : Association of higher educational institutions of Kazakhstan, 2016. - 390 p. 9. Educational management [Текст] : textbook / A. N. Kosherbayeva [and ect.]. - Almaty : [s. n.], 2016. - 306 p. - ISBN 978-601-7529-92-5 : 3015.00 Тг.Перевод заглавия: Управление образованием
	Қосымша әдебиеттер 1. Зорин, К. В. Введение в пренатальную педагогику и психологию здоровья [Текст] : учебно-методическое пособие / К. В. Зорин. - Алматы : Эверо, 2017. - 76 с 2. Современные образовательные технологии и методы реализации учебного процесса в электронной информационной - образовательной среде / Н. И. Городецкая [и др.] // Инновации в образовании. - 2018. - №9. - С. 103-115. 3. Фокина В. Н. Современное педагогические технологии социализации обучающихся в электронной информационно - образовательной среде / В. Н. Фокина, М. Е. Широкова, А. В. Рякин // Инновации в образовании. - 2018. - №11. - С. 60-67. 4. Шлекова И. Ю. Инновационный подход к организации образовательного процесса / И. Ю. Шлекова // Инновации в образовании. - 2018. - №4. - С. 61-70. 5. Бородина О. В. Мультимедийные обучающие и презентационные программы как средство обучения: проблемы и перспективы // Инновации в образовании. - 2019. - №1. - С. 101-108. 6. Гилязова А. А. Информационные технологии - катализатор пополнения интеллектуального потенциала обучающихся / А. А. Гилязова // Инновации в образовании. - 2016. - №6. - С. 84-92. 7. Корнилов Ю. В. VR - технологии в образовании: опыт, обзор инструментов и перспективы применения / Ю. В. Корнилов, А. А. Попов // Инновации в образовании. - 2018. - №8. - С. 117-129. 8. Исламғалиева В. Ж. Инновационные методы в учебном процессе современного вуза / В. Ж. Исламғалиева // Высшая школа Казахстана. - 2017.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 20беті

	- №2(18). - С. 21-23. 9. Адманова Г. Б. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер әдістемесі : оқу-әдістемелік нұсқау / Г. Б. Адманова. - Алматы : Medet Group, 2021. - 88 бет. 10. Кадыров А. С. Ғылыми зерттеулер негіздері : оқу құралы / А. С. Кадыров, И. А. Кадырова, Ж. Ж. Жунусбекова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2022. - 76 бет.
--	--

12.	Пән саясаты
	Докторанттарға қойылатын талаптар: - себепсіз сабақтарды жібермеу; - сырт келбеті жинақы, ұқыпты; - жоғары оқу орнында бекітілген жалпыға міндетті форманы сақтау; - тәжірибелік сабақтарда белсенділік көрсету; - сабақтарға дайындықпен келу; - ДӨЖ тапсырмаларын кесте бойынша кезінде тапсырып, қорғай білу; - сабақтарға кешікпеу; - сабақ кезінде әдептілік атмосфераны қолдау; - кафедра мүлкін ұқыпты пайдалану. Себепсіз жіберілген сабақтар өтелмейді. Әртүрлі себептермен (денсаулыққа байланысты, жанұя жағдайы, басқа да себептермен) жіберілген жағдайда, анықтама құжаттарының негізінде Ғылыми-клиникалық, докторантура және магистратура басқармасының рұқсатымен өтеледі. Өтем сабаққа берілген рұқсат парағы 30 күн жарамды. Докторанттың орындаған ДӨЖ тапсырмалары ОДӨЖ сабақтарында бағаланып, оқу журналы мен электронды журналға қойылады, себепсіз жіберілген сабақтардың айып баллдары алынады. Білім алушы аралық бақылауға себепсіз келмеген жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді. Докторант ағымдық, аралық бақылаулардан 50% дан төмен алған жағдайда пәннің емтиханына жіберілмейді. Айыптау шаралары: Тәжірибелік сабақтарын себепсіз жіберген жағдайда, бір сабақтың айыптау балы 1 баллды құрайды, соңында аралық бақылаудың бағасынан шегеріледі. ОДӨЖ сабақтарын себепсіз жіберген жағдайда, айып баллдары 2 балды құрайды, ДӨЖ тапсырмалары бағаланғанда шегеріледі, оқу тәртібін (кешігу, ұялы телефон қолдану, сабақта әдепсізділік көрсету, кафедра мүлкін құрту) бұзуда 0,5 балл алынып тасталады. ДӨЖ бағасы уақтылы қорғалмаған жағдайда 20% төмендейді, ал аралық бақылауға жеткізген жағдайда 50% төмендейді. Марапаттау шаралары: – оқу үдерісіне белсенді (олимпиада, ДҒЗЖ, конференциялар) қатысуына пән бойынша 0,5 балл пәннің аралық бақылауына қосылады.
13.	Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат
13.1	https://ukma.kz/ru/
13.2	БАҒА ҚОЮ САЯСАТЫ 1. Сабақта білімді бақылаудың бірнеше формалары қолданылады. Журналға орташа баға қойылады. 2. Бақылау түрлерінің бірі бойынша (ағымдағы бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өту балын (50%) жинамаған докторант пән бойынша емтиханға жіберілмейді

ONȚÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы	044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы	22беттің 21беті

3.	Қорытынды рейтинг пән бойынша емтиханға жіберу 50 балдан (60%) кем болмауы тиіс, ол ағымдағы бақылаудың орташа бағасы (40%) + аралық бақылаудың орташа бағасы (20%) негізінде автоматты түрде есептеледі.
----	---

14.	Келісу,бекіту және қайта қарау		
Кітапханалық- ақпараттық орталығымен келісілген күні	Хаттама №9 14.06.24	Кітапханалық-ақпараттық орталығының басшысы Т.А.Ж.	Қолы
		Дарбичева Р.И.	
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасында бекітілген күні	Хаттама№17 14.06.24	Кафедра меңгерушісі Т.А.Ж.	Қолы
		Нуржанбаева Ж.О.	
Магистратура және докторантура деңгейлері бойынша білім беру бағдарламасының Академиялық комитеті мақұлдаған күні	Хаттама №12 05.06.24	Магистратура және докторантура деңгейлері бойынша білім беру бағдарламасының АҚ төрағасының Т.А.Ж.	Қолы
		Орынбасарова К.К.	
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасында қайта қарау күні	Хаттама № ____	Кафедра меңгерушісі Т.А.Ж.	Қолы
		Нуржанбаева Ж.О.	
Магистратура және докторантура деңгейлері бойынша білім беру бағдарламасының Академиялық комитеті қайта қарау күні	Хаттама № ____	Магистратура және докторантура деңгейлері бойынша білім беру бағдарламасының АҚ төрағасының Т.А.Ж.	Қолы
		Орынбасарова К.К.	

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 226еті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы		044 -60/11-
«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы		22беттің 23беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы

044 -60/11-
22беттің 246беті

«ЖОО-да білім беру технологиялары» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы